

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен \_\_\_\_\_ <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақы төлейді, ал Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жиынтығына сәйкес, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Сатып алынатын Тауардың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

### 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚР резиденті және ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауар жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азауы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші жеткізген және Тапсырыс беруші қабылдаған тауардың нақты саны бойынша, Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) (Жеткізуші бейрезидент болса инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Төлем шоты (шот-фактура) (егер Жеткізуші бейрезидент болса инвойс) Тауар Актісіне Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдауыштағы төлем шоты (егер Жеткізуші бейрезидент болса инвойс) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 күнтізбелік күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.7. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті акт жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

1) Жеткізушіге Тауардың жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;

- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарларды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға **міндеттенеді**.
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе нұсқама және нұсқама өткізуге;
- 5) Өнім берушінің тартылған қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің Кіру және объект ішіндегі режим ережелері бойынша нұсқама өткізуге;
- 6) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізуші жеткізетін Тауардың жеткізу барысын, Тауардың саны мен сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында және/немесе кепілдік мерзімі кезеңінде Тауарда кемшіліктер, ескертулер, толықтығына және (немесе) моделіне сәйкессіздіктер, жөнді жасалмаулар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге, не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 7) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелерін сақтауды талап етуге;
- 8) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің Кіру және объект ішіндегі режим ережесі талаптарын сақтауын талап етуге;
- 9) Шарт талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім берушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлдар, айыппұлдар) алып тастап төлем жүргізуге;
- 10) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдауыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Өнім берушіге себептерін көрсетіп, қағаз тасымалдауыштағы құжаттарды қайтаруға немесе электронды құжатты қабылдауға

келіспейтіні туралы хат жолдауға құқылы.

### 3.3. Жеткізуші:

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды және/немесе кепілдік мерзімі кезеңінде Тауарда ақаулар анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен жаңа, бағасы бірдей және тиісті сападағы (немесе сапалық сипаттамасы жақсартылған) Тауарға ауыстыруға;
- 4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 24 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6 бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 10) Тапсырыс берушінің орналасқан жеріне Тауарды өз көлігімен жеткізуге;
- 11) Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу күні және Тауар әкелетін көліктің нөмірі туралы жазбаша хабарлауға, сондай-ақ Тауарды қабылдап-тапсыратын өкілдердің, қатысушылардың деректерін хабарлауға;
- 12) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан бір жақты тәртіппен Шарт бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға және Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;
- 13) жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):  
тауарды тапсыруға тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);  
атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);  
атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды

пайдалану қажеттігін негіздей, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз қалта телефондарын (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге;

14) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын түпнұсқа құжатты көрсетуге, (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге;

15) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі - БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын түпнұсқа құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, әкелінген мүлікке ілеспе құжаттарды көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

16) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс, суық қару және өзге қаруларды, оқ-дәрілерді;

жеке қарап бақылау құралдарын, бейне -, кино- және фотоаппаратураларды, жазып алу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB - дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ олардың керек-жарақтарын, жеке электронды техниканы, адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағза органдары мен жүйелерінің функциясын ауыстыру немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағандағы радиотехникалық және басқа аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, соның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттарды және күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарды, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;

17) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің Кіру және объект ішіндегі режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

18) Тауар жеткізу басталғанға дейін Жеткізуші қызметкерлерінің Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тауар жеткізу кезінде алған конфиденциалды ақпаратты жарияламау туралы міндеттемеге қол қоюларын қамтамасыз етуге;

19) Тауарды тасымалдау, түсіру, Жеткізушінің өкілдері Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жұмысқа жарамдылығын тексеруі (сынауы) кезінде кездейсоқ бүліну қаупін көтеруге. Мұндай тәуекел туындаған жағдайда, Тауардың бүлінуі және бұзылуын өз бетінше жоюға міндеттенеді.

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға.
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

#### **4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімін алған күннен бастап, күнтізбелік 40 (қырық) күнді құрайды.
- 4.2. Тауарды жеткізу орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғ., №511 үй.
- 4.3. Тапсырыс берушінің Шарт талаптарына сай Тауардың сапасын тексеру мерзімі күнтізбелік 5 (бес) күнді құрайды.
- 4.4. Ақаулар болмаған жағдайда, Жеткізуші мен Тапсырыс беруші күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Актіге қол қояды. Акті Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.
- 4.5. Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәттен бастап Тауарға берілген меншік құқығы Тапсырыс берушіге өтеді.
- 4.6. Тапсырыс беруші Тауарды:
  - 1) саны мен сапасы бойынша - жүкқұжатқа сәйкес;
  - 2) бағасы бойынша - Шарт талаптарына сәйкес қабылдайды.
- 4.7. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тауарды Шартқа 2-қосымшада көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте тапсырған жағдайда, Тауар жеткізілген болып саналады

#### **5. КЕПІЛДІКТЕР**

- 5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 24 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.
- 5.2. Кепілдік мерзімі кезінде жеткізілген Тауардан ақаулары анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.
- 5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.
- 5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

#### **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда – ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) (ауыстыру күнін немесе ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады (алдын ала төлем бар болғанда).

6.6. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

6) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

## **13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

#### 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

##### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші нің ЖСК >  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

##### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее - Товар) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

